

ТАҚЫРЫП-11. ҚАРЖЫ ЖӘНЕ ИНФЛЯЦИЯ.

Мазмұны:

11.1 Инфляция іс-әрекетінің факторлары

11.2 Инфляция және қаржының өзара байланысы мен іс- әрекеттері

11.3 Инфляцияның әлеуметтік-экономикалық салдарлары және қарсы саясат шаралары

Негізгі ұғымдар:

- Инфляция
- Инфляция және қаржының өзара байланысы

11.1 Инфляция іс-әрекетінің факторлары

Экономикалық құбылыс ретінде инфляция көптен бері өмір сүріп келеді. Оны тіпті ақшаның шығуымен бірге пайда болды, әрі ақшаның қызметімен тығыз байланысты деп саналады.

“Инфляция” термині (латынның inflatio сөзінен шыққан – кебіну, ісіну) ақша айналысында қытысты XIX ғасырдың орта шенінде пайда болды және АҚШ-тың Азамат соғысы жылдары (1861-1865ж.ж) қағаз долларының қисапсыз көп шығарылуымен байланысты болады. XIX ғасырда бұл термин сондай-ақ Англия мен Франция қолданылады. Экономикалық әдебиеттерде инфляция ұғымы XX ғасырда бірінші дүниежүзілік соғыстан кейін кеңінен таралды, ал бұрынғы кеңестік экономикалық әдебиеттерде ол 20-сыншы жылдары жазыла бастады.

Инфляцияның дәстүрлі ең жалпы анықтамасы- **тауар айналымының қажеттілігімен салыстырғанда айналыс сферасының** артық қағаз ақша массасымен лыққа толып кетуі, оның құнсыздануы және соның нәтижесі ретінде –тауарлар мен қызметтер көтеруге бағаның өсуі; ақшаның сатып алуға жарамдылығының төмендеп кетуі. Инфляция кезінде қоғамдық өндіріс процесінің алшықтықтарына және артық көп ақшаның шығарылуына байланысты ақша айналысының заңы бұзылады.

Инфляция – ақша жүйесінің дағдарысты жай-күйі. Ақшаның құнсыздануына мына факторлар себепші болады:

- айналысқа артық ақшаның шығарылуы;
- қолайсыз төлем балансы;
- үкіметке сенімнің жоғалуы.

Бүгінгі инфляция бағаның өсуі нәтижесінде ақшаның сатып алу жарамдылығының құлдырауымен ғана емес, сонымен бірге елдің экономикалық дамуының жалпы қолайсыз ахуалымен де байланысты. Инфляцияға өндіріс пен өткізу сферасындағы әртүрлі факторлар тудырған өндіріс процесінің қарама-қайшылықтары себепші болады. Инфляцияның әуел бастағы себебі- ұлттық шаруашылықтың түрлі сфераларындағы жинақтау мен тұтыну, сұраным мен ұсыным, мемлекеттің кірістері мен шығыстары, айналыстағы ақша массасы мен шаруашылықтың ақшаға қажеттілігі арасындағы алшақтықтар.

Инфляцияның **ішкі және сыртқы факторларын** (себептерін) айыра блу қажет. Ішкі факторлардың арасында ақшаға жатпайтын және ақшалай –монетарлық факторларды бөлуге болады. Сыртқы факторлар- дүниежүзілік құрылымдық дағдарыстар (шикізат, энергетика, валюта дағдарыстары), басқа елдерге инфляцияны экспортқа шығаруға бағытталған мемлекеттік валюта саясаты, алтынды, валютаны жасырын экспортқа шығару инфляциясы.

Нарықтық экономика кезінде қаржы инфляциялық процеске бірқатар факторлар арқылы айтарлықтай әсер етеді. (инфляциялық тенденцияларды күшейте түседі).

Бірінші фактор- мемлекет шығыстарының өсуі, бұл ерекше төлей алушылық сұранымының артуына жеткізеді, сөйтіп тікелей баға белгілеуге әсер етеді. Тауарлар мен қызметке бағаның көтерілуіне байланысты ақшаның құнсыздануы бюджет шығыстарының көбеюіне соқтырады, ал оның кірістері, ең алдымен, салық түсімдері қажеттіліктен арта қалып қояды. Бұл сөзсіз болатын ұзақ уақытқа созылған тапшылыққа ұрындырады.

Екінші фактор- табысқа салынатын салықтың көбеюі. Салықтың едәуір бөлігі баға механизмі арқылы тұтынушыға ауысады және рыноктағы бағаның көтерілуінің басты себебі болады.

Үшінші фактор- бюджеттердің ұзақ уақытты тапшылықтары (өндірістік емес шығындардың неғұрлым өсуімен байланысты).

Инфляция қаржы қатынастарын да өзгерістерге ұшыратады. **Біріншіден**, инфляция тауарлар мен қызметтерге бағаның өсуі салдарынан мемлекет шығыстарының өсуін жандандырады. **Екіншіден**, инфляция қаржы ресурстарын құнсыздандырады және салық түсімдерін арттырудың қажеттінің тудырады.

Үшіншіден, инфляциялық процесс мемлекеттің берешегі проблемаларын шиеленістіреді.

11.2 Инфляция және қаржының өзара байланысы мен іс- әрекеттері.

Қаржы мен инфляция өзара тәуелді болып келеді. Қаржы инфляциялық процестердің тездеткіші бола алатыны сияқты, инфляция да қаржы қатынастарына әсер етеді. Ақшаның құнсыздануы және бағаның көтерілуі мемлекеттің шынайы кірістерін төмендетуге, бюджеттің шығыстарын көбейтудің қажеттігіне, салық ауыртпалығының күшеюіне, мемлекеттік бюджет тапшылығынан болатын мемлекеттік борыштың өсуіне ұрындырады. Инфляцияның жоғары қарқынды мемлекеттің қаржы ресурстарын құнсыздандырады, өйткені салықтық кірістер мен қарыздар оларды есептегеннен кейін уақыттың белгілі бір мөлшерлемесі арқылы түседі, сондықтан мемлекеттің алу сәтінде олар құнсызданады.

Қаржы қатынастары мен инфляциялық процестердің бір бағытты келеңсіз сипаты, бірін –бірі өзара толықтыра отырып экономикалық жүйедегі келеңсіз нәтижеге апарады. Мәселен, инфляция бірқатар әлеуметтік – экономикалық проблемаларды тудырады: ақшалай табыстардың құнсыздануы, ұзақ мерзімді инвестицияларға деген экономикалық ынтаның түсуі, ақшалай жинақтардың құнсыздануы, нақтылы пайыздың төмендеуі, экономикалық байланыстардың бұзылуы және т.б.

Инфляцияны бағалау және өлшеу үшін бағалар индексінің көрсеткіші –Іб пайдаланылады. Бағалар индексі тұтыну тауарлары мен қызметтердің белгілі бір жиынтығының сатып алу бағасы мен базалық кезеңнің бағасы арасындағы арақатынасты өлшейді. Ағымдағы жылдың индексінің қарқыны былайшы анықталады. Ағымдағы жылдың бағалары индексінен өткен жылдың бағалары индексі шегеріліп, өткен жылдың бағалары индексіне бөлінеді, соан соң жүзге көбейтіледі:

$$\text{Инфляция қарқыны} = I_{61} - I_{60} / I_{60} * 100$$

Қазақстанда тұтыну тауарларының бағасы мен қызметтер көрсетуінің тарифтері өткен жылға қарағанда есе өсіп отырады.

Инфляциялық процестің қуаттылығын бағалауды және инфляцияның түрлерін мынадай критерийлер бойынша ажыратады:

Бағалар өсуінің қарқыны бойынша:

- бояу- баға жылына 10пайыз өскенде; бұл кезде ақшаның номиналдық құны сақталады, кәсіпкерлік тәуекел болмайды.
- өршімелі- баға 100пайыз шегінде өскенде; ақшаның затталынуы өседі;
- әсере инфляция- баға жүздеген пайызға өскенде; баға мен табыстардың арасындағы алшақтық дәрежесі бойынша;

бағалар өсуінің теңгерімділік дәрежесі бойынша:

- теңдестірілген және теңдестірілмеген инфляция; теңдестірілген инфляция кезінде әртүрлі тауарлардың бағасы бір-біріне қатысты өзгерусіз қалады, теңдестірілмеген инфляция кезінде – олардың бір біріне ара қатысы өзгеріп отырады, оның үстіне әртүрлі үйлесімде;

болжаулық дәрежесіне қарай:

- күтілген, болжамды және күтілмеген;

шығу немесе пайда болу орына қарай:

-импортталынған және экспортталынған болып бөлінеді.

Қаржы және инфляцияның өзара байланысы инфляцияның **екі типі** бойынша бақылап отыруға болады: сұраным инфляциясы және шығындар инфляциясы. **Бірінші жағдайда** ол заңды және жеке тұлғалардың ақша массасының өсуімен байланысты өнімге, тауарларға және қызметтерге сұранымның өсуінің салдары болып табылады. **Екінші жағдайда** кәсіпорындардың

еңдекке ақы төлеуге, кредиттер бойынша пайыздық мөлшерлемелердің көбеюіне, тұтынатын шикізатқа, материалдарға бағаның, қызметтер көрсетуге тарифтердің өсуіне жұмсалынатын шығындардың көбеюі инфляцияны тудырады.

Жалпы **инфляцияның себептері** базистік қатынастардың қарама-қайшылықтарынан, экономикадағы үйлесімсіздіктер мен дағдарыстан, оның өздігінен дамуға қабілетсіздігінен, бүкіл қоғамдық өндірістің төмен тиімділігінен болады.

Экспортталатын инфляция тауарлар мен қызметтер көрсетуге экспорттық бағаның көтерілуінен туады, бұл тұтынушы-елдерде, соның ішінде дамып келе жатқан елдерде бағаның өсуіне соқтырады.

Инфляцияның көріну нысаны — ақшаның құнсыздануы мен өнімге, тауарларға және қызметтерге бағаның көтерілуінде тұлғаланатын оның сатып алуға жарамдалығының тиісінше төмендеуі.

Инфляцияның табиғаты ақшаның онымен салыстырмалы тұлғаланатын тауар ауқымынан оқшауландырылған қозғалысты жүзеге асыратын қабілетсіздігінде.

Бюджет тапшылығы инфляцияның қайталама факторы болып табылады, өйткені ол шығындардың инфляциясынан және осыған байланысты мемлекет кірістерінің құнсыздануынан туады.

Инфляцияның дамуына инфляциялық нәтижені тудырған жаңа салықтарды — алғашқы мөлшерлемесі 28% қосылған құнға салынатын салықты, акциздерді, экспорттық және импорттық кеден баждарын енгізу, өнімнің өзіндік құнына қосылатын қаражаттар аударымдарын экономиканы жаңғырту қорына (бұрын — инвестициялық қор), халықты жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің мемлекеттік қорына аудару, әлеуметтік сақтандыруға аударылатын аударымдарды бірден көбейту сияқты қаржыны және әлеуметтік шараларды асығыс жүргізу мүмкіндігін туғызды.

11.3 Инфляцияның әлеуметтік-экономикалық салдарлары.

Инфляцияның өрістеп, күшеюі экономикалық және әлеуметтік қарама-қайшылықтарды асқындырып жіберетіндіктен мемлекет инфляцияны жою және ақша айналысын тұрақтандыруға арналған шаралар қолдана бастайды.

Инфляция кезінде мемлекет іс-қимылдарының екі нұсқасы болады:

- 1) бейімделу саясатын жүргізу немесе инфляцияға бейімделу; бұл кезде табыстарды, жалақыны, пайыздық өлшемдерді, инвестицияларды индекстеу жөнінде шаралар қолданылады.
- 2) Инфляцияны төмендету немесе басу жөніндегі инфляцияға қарсы шаралардың кешенін жүргізу.

Инфляцияны жою жөніндегі шаралардың кешені қоғамдың іс-әрекет етуінің өндірістік — экономикалық, құқықтық, институционалдық, моралдық-адамгершілік сфераларының әртүрлі жақтарына әрекет етуді қамтиды десекте олардың шешушісі базалық, өндірістік — экономикалық сфера болып табылады.

Инфляцияға қарсы саясат — инфляциямен күреске бағытталған экономиканы мемлекеттік реттеу жөніндегі шаралар кешені. Мұндай саясаттың екі негізгі жолы белгіленген дефляциялық саясат және кірістер саясаты.

Дефляциялық саясат — мемлекеттің шығындарын азайту, несие үшін пайыздық мөлшерлемелерді арттыру, салық ауыртпалығын күшейту, ақша массасын шектеу жолымен ақша-несие және салық механизмі арқылы ақша сұранымын реттеуді қарастырады. Бұл саясат экономиканың өсуін тежейді.

Кірістер саясаты — бағаға және жалақыға оларды толықтай матау немесе олардың өсу шегін белгілеу жолымен параллелді бақылау жүргізуді қажет етеді. Оны жүзеге асыру әлеуметтік қайшылықтарды қоздыруы мүмкін.

Инфляцияға қарсы саясат ақшалай ұсынымды шектеудің әр түрлі әдістерін кіріктіреді:

1. Орталық банктің нақты ақша эмиссиясын қысқарту арқылы айналыстағы ақша массасының ауқымын азайту.

2. Барлық несие ресурстарын қымбаттату және оларға қол жететіндігін азайту мақсатында орталықтандырылған кредитор үшін қайта қаржыландырудың есептік молшерлемесін арттыру.

3. Кредит мультипликаторын қысу және коммерциялық банктердің кредит экспансиясын шектеуге жету үшін Орталық банктің коммерциялық банктерге резервтік талаптарын арттыру.

4. Сондай мақсаттарда Орталық банктің кредиторін тікелей қысқарту.

Инфляцияға қарсы фискалдық саясат салықтарды көбейту, мемлекеттің шығыстарын қысқарту және осының негізінде мемлекеттік бюджеттің тапшылығын төмендету арқылы жүргізіледі.

Салық саясаты инфляция жағдайында екі өзара байланысты, бірақ қайшылықты міндеттерді шешуі тиіс:

-біріншіден, мемлекеттік бюджеттің теңдестігіне жету және тапшылығын жою үшін оның кірістерінің деңгейін көтеру керек;

-екіншіден, экономиканың бастапқы буындарында өндіріс пен айырбас сферасында экономикалық белсенділікті жандандыру қажет.

-үшіншіден, едәуір салық ауыртпалығы, әдеттегідей, салық жүйесін күрделілендіретін көптеген салықтардың іс-әрекетімен байланыстырылады, мұның өзі салықтан жалтаруға әкеп соқтырады.

Жалпымемлекеттік және жергілікті деңгейлердің бюджет шығыстары жайында басты бағыт барлық мүмкін болатын баптар бойынша оларды барынша қысқарту болып табылады.

Бюджет шығыстарын шектеуге мыналар арқылы жетуге болады:

а) тура әдістермен — **шектеумен** (рестрикциялармен), яғни заңнамалық актілер немесе өкілетті мемлекеттік органдардың өкімі негізінде қол жеткен деңгеймен салыстырғанда оларды мәжбүрлеу арқылы;

ә) **секвестірлеу** әдісімен — барлық шығыстарды әртүрлі факторлармен анықталатын төмендетудің берілген жалпы молшеріне сәйкес үйлесімді төмендетумен;

б) қолда бар кірістердің деңгейін **бақылаумен**;

в) мемлекеттік бюджет тапшылығының деңгейін **шектеумен**.

Қазіргі уақытта инфляциялық таргеттеуді енгізуге дайындық шеңберінде мынадай шаралар қабылданды. Ұлттық банк 2000 жылдан бастап ақша-кредит саясатын жоспарлаудың үш жылдық деңгейін белгіледі. 2004 жылдан бастап инфляция бойынша мақсатты көрсеткіштер — "базалық инфляция" индексі қолданыла отырып белгіленеді. 2004 жылдың қаңтарынан бастап Ұлттық банктің мақсаты ретінде бағаларды тұрақтандыру және мемлекеттік бюджеттің тапшылығын қаржыландыруға тиым салу міндеті заңмен бекітілді, бұл инфляциялық таргеттеу енгізудің қажетті шарттарының бірі болып табылады. Еліміздің орталық банкі ретінде Ұлттық банктің тәуелсіздігін күшейтетін нормативтік-құқықтық актілер әзірленіп жатыр.

Инфляциялық таргеттеуге көшуге қажетті база жасау үшін Ұлттық банктің алдында бірқатар мынадай ірі проблемаларды шешу міндеті тұр:

ашық рынок операцияларын кең ауқымды көлемде жүргізуге көшу үшін жағдайлар жасау;

өзінің бағалы қағаздар портфелін ұлғайту;

бағалы қағаздардың қайталама рыногын дамыту;

трансмиссиялық тетіктің үлгісін, яғни репо мөлшерлемесі өзгерісінің инфляция деңгейіне ықпалын бағалауға мүмкіндік жасайтын үлгіні өзірлеу;

инфляциялық таргеттеуді пайдалана отырып, шешім қабылдау қағидаттарын іске әзірлеу және т.б.

Бақылау сұрақтары:

1. Инфляция дегеніміз не және оның қандай түрлері бар?
2. Инфляция мен қаржының өзара іс-әрекеті мен өзара байланысы қалайша көрінеді?
3. Инфляция қалай өлшенеді?
4. Инфляцияның тұрпаттарын атап шығыздар және оларды сипаттаңдар.
5. Инфляция көрінісінің нысандары қандай?

6. Инфляциялық механизм қалай іс-әрекет етеді және опың жалпы, соның ішінде қаржы жүйесіндегі зардаптары қандай?
7. Инфляция кезінде мемлекет іс-қимылының қандай нұсқалары болады?
8. Инфляцияны жеңіп шығу жөніндегі шараларды белгілеу кезіктегі іс-әрекет ететін факторлардың қайшылықтары неде?
9. Қазақстанда қолдану үшін инфляцияны темендетудің қандай шаралары бар?

Әдебиеттер:

1. Қ.Мырзабекқызы, А.Болғанбаев. Қаржы теориясы. Шымкент: Асель. 2021
2. Г. Азретбергенова. Қаржы І, оқу - әдістемелік құралы, Түркістан 2020,
3. Г.Азретбергенова. Введение в финансы, Учебно-методическое пособие, Түркістан 2020,
4. Р.Серкебаева., Р.Смагулова. Финансы, Учебник. МОН РК, Ассоциация вузов РК. - Алматы: BOOKPRINT, 2014.
5. С.Құлпыбаев. Қаржы. Оқулық. Алматы: Экономика, 2015ж.